



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-155-2-185-199>

ХҒТАР 17.07.31
Ғылыми мақала

С. Айтуғанова¹, С. Сарсембаева^{2*}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹s-aituganova@mail.ru, ²sarsembayeva.kz@gmail.com*)

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА СИМУЛЯКР КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы кейіпкер трансформациясы және симулякр-кейіпкерлердің көркемдік табиғаты жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында дәстүрлі реалистік кейіпкер моделінен постмодернистік күрделі, көпқабатты, фрагменттік бейнелерге өту үдерісі талданып, оның тарихи-мәдени алғышарттары айқындалады. Авторлар симулякр-кейіпкер ұғымының теориялық негіздерін ашып, оны структуралистік, постструктуралистік және постмодернистік әдіснамалар тұрғысынан саралайды. Қазақ жазушылары А. Алтай, А. Кемелбаева, Д. Жылқыбай шығармаларындағы Қоңырқаз, Бесарыс (Кентавр), Абыл робот бейнелері негізінде магиялық реализм, мифологиялық және техногендік кейіпкерлердің көркемдік ерекшеліктері мен семантикалық жүктемесі талданады.

Мақалада симулякр-кейіпкерлердің қазақ қоғамының рухани ахуалын, отарсыздану кезеңіндегі ұлттық өзіндік сананың дағдарысы мен жаңғыру үдерістерін бейнелейтін маңызды мәдени-танымдық феномен екендігі көрсетіледі. Мұндай кейіпкерлер арқылы әдебиеттегі шынайылық ұғымының өзгеруі, автор мен кейіпкер арасындағы қатынастың жаңаша сипат алуы және көркем мәтіндегі интермәтіндік байланыстардың күшеюі айқындалады. Симулякр дәстүрлі қаһармандық модельдің трансформацияланған жалғасы ретінде емес, қазіргі қоғамдағы құндылықтар алмасуының, тұлғалық сәйкестіктің өзгеруі мен рухани бағдарлардың қайта қаралуының көркем көрінісі ретінде түсіндіріледі. Симулякр-кейіпкерлерге тән тұрақсыздық, көпмәнділік және шынайылық пен қиял арасындағы шекараның алшақтауы - қазіргі қазақ прозасының эстетикалық ізденістерін айқындайтын маңызды белгілердің бірі.

Зерттеу нәтижесінде симулякр-кейіпкерлер қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік-идеялық дамуына ықпал ететін, ұлттық әдебиетті әлемдік әдеби үдерістермен сабақтастыратын маңызды құбылыс екендігі тұжырымдалады.

Түйін сөздер: көркем шығарма, симулякр кейіпкерлер, кейіпкер бейнесі, магиялық реализм, мифологиялық образ, техногендік кейіпкер, әдеби талдау.

Түсті: 02.04.2026; **Жөнделді:** 31.05.2026; **Мақұлданды:** 15.06.2026; **Онлайн қолжетімді:** 30.06.2026

Кіріспе

Қазіргі қазақ әдебиетінде кейіпкер трансформациясы айқын байқалатын құбылысқа айналды. Дәстүрлі реалистік сипаттағы тұтас, айқын мінезді кейіпкерлердің орнына күрделі, көпқабатты, кейде тіпті шартты сипаттағы бейнелер келді. Бұл өзгеріс әдебиеттің жаңа мазмұн мен пішін іздеуінен, сондай-ақ жаһандану мен техногендік дәуір ықпалынан туындап отыр. Бүгінгі прозада кейіпкер тек әлеуметтік ортаның өкілі ғана емес, ол – сананың дағдарысын, болмыстың бөлшектенуін, рухани тұрақсыздықты бейнелейтін күрделі құрылымға айналды. Осы үдеріс нәтижесінде симулякр сипатындағы кейіпкерлер көбейіп, олардың көркемдік табиғаты мен әдебиеттегі орны туралы түрлі пікірлер қалыптасуда.

Зерттеу деректері мен әдістері

Қазіргі қазақ прозасындағы кейіпкер трансформациясы мен симулякр-кейіпкерлердің көркемдік табиғатын талдау барысында кейіпкер теориясына қатысты антикалық поэтикадан бастап структуралистік, постструктуралистік және постмодернистік бағыттағы ғылыми тұжырымдар негізге алынды. Зерттеу нысаны ретінде ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасыр басындағы қазақ прозасының көрнекті өкілдері – А. Алтай, А. Кемелбаева және Д. Жылқыбай шығармаларындағы симулякр сипатындағы кейіпкерлер қарастырылды. Кейіпкердің көркемдік трансформациясын, оның мәтін ішіндегі қызметі мен семантикалық жүктемесін айқындауда Аристотель, В. Белинский, Ю. Лотман, А.-Ж. Греймас, Ж. Деррида, Р. Барт, Ж. Делез, Ж. Бодрийяр және Л.В. Сафронова еңбектеріндегі теориялық пайымдар басшылыққа алынды.

Симулякр-кейіпкерлердің көркемдік құрылымын, олардың мифологиялық, мәдени және техногендік кодтармен байланысына ықпалдау структуралистік және семиотикалық талдау тәсілдері пайдаланылды. Ал мәтіндегі астарлы мағына, интермәтіндік байланыс пен кейіпкердің көпқабатты болмысын саралауда герменевтикалық және интерпретациялық әдістер қолданылды. Сонымен қатар, кейіпкерлердің көркемдік қызметін жинақтап бағамдау мақсатында талдау, синтездеу және жүйелеу әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Антикалық дәстүрден бастау алатын әдеби пайымдауда кейіпкер сюжетті дамытып, шығарманың оқиғалық арқауын құрайтын тұлғалар жүйесі ретінде сипатталады. Ежелгі заманның ұлы ойшылы Аристотель «Поэтика» еңбегінде кейіпкерді этикалық-моральдық сапалар иесі деп анықтап, трагедиялық шығарма құрылымында оқиға мен әрекетті басты орынға қояды. Аристотель бойынша, трагедияда сюжет «жан дүниенің мәні» болса, ал кейіпкер сюжетті жүзеге асырушы екінші элемент қана: «Трагедия – адамдардың емес, ең алдымен әрекеттің мимесісі; ... трагедияда оқиға бірінші орында, мінез (характер) екінші орында» деп жазады (Аристотель, 1927). Демек, классикалық поэтикада кейіпкердің өзі емес, оның іс-әрекеті маңыздырақ.

Реалистік әдебиетте, әсіресе ХІХ ғасырдағы жазушылар еңбектерінде кейіпкер шындықты айна-қатесіз бейнелеудің құралына айналды. Орыстың ұлы сыншысы В.Г. Белинский көркем туындыда қоғам өмірін көрсету үшін типтік кейіпкерлер жасауға ерекше мән берген. Белинскийдің пайымдауынша, шынайы әдебиет «өмірдің шындығын дәл беріп, белгілі бір дәуірдің әлеуметтік келбетін тұтас жинақтайтын типтік образдар» жасауға тиісті (Белинский, 1953). В.Белинскийдің «Евгений Онегин» романы туралы

әйгілі пікірінде ол Пушкин суреттеген Онегин сынды кейіпкердің бүкіл бір ұлттың тағдырына, санасына әсер ететінін атап, «Евгений Онегиндер бізді қайда апара жатыр?» деген сұраққа «Революцияға» деп жауап берген екен. Бұл – әдеби кейіпкердің қоғамдық өмірге ықпалын меңзеген пікір. Себебі, реалистік дәуірде кейіпкер уақыт пен әлеуметтік ортаның төл перзенті, типтік бейне саналды. Типтік бейне дегеніміз – жазушы белгілі бір дәуірдегі көптеген адамдарға ортақ мінез-құлық, тағдыр белгілерін бір тұлға бойына жинақтап берген көркем образ. Мысалы, классикалық реализмде Онегин, Печорин, Базаров, т.б. кейіпкерлер өз заманының «жиынтық бейнесі» ретінде қабылданады. Қазақ әдебиеттануында да бұл ұғым орныққан: «Типтік бейне – көркем әдебиеттегі жинақталған адам образы. Жазушы бір адамның ғана сипатын көрсетіп қоймай, оны қоршаған әлеуметтік ортасына тән сипаттармен толықтырып, жинақтап береді» деп түсіндіріледі.

Социалистік реализм кезеңінде кейіпкер ұғымы идеологиялық мәнге ие болды. А.М. Горький бастаған кеңестік әдебиет теоретиктері әдеби кейіпкерді жаңарған қоғамды алға сүйрейтін «жаңа адам», оң образды қаһарман түрінде қалыптастыруды мақсат етті (Горький, 1984). Әдебиет қоғам санасын тәрбиелеудің құралы деп танылып, кейіпкерге «көпшілікке үлгі болу, мінсіз болу міндеті» жүктелді. Социалистік реализм теориясы бойынша әр шығармада «барлық қиындықты жеңе отырып, социализмді құру жолында табандылық танытатын позитивті қаһарман» болуы тиіс еді. Мұндай кейіпкер қарапайым халық өкілі, жұмысшы, шаруа не жауынгер болып, өз бойында ең озық адамгершілік қасиеттерді, ерлік пен еңбекқорлықты, болашаққа сенімділікті біріктіреді. Әрине, өмір шындығында мұншалық мінсіз қаһармандар сирек кездесетіндіктен, социалистік реализм үлгісі көптеген жасанды, схематизмге ұрынған образдар тудырды деп сыналады. Дегенмен бұл әдіснамада да кейіпкер типтік деген ұғыммен астасып, өз дәуірінің көрнекті өкілі, алдыңғы қатарлы идеал тұлғасы ретінде зерделенді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында да дәстүрлі реалистік ұстанымдағы кейіпкер тұжырымдамасы берік қалыптасты. Мысалы, академик З. Қабдоловтың еңбектерінде кейіпкер шығарманың идеялық-эстетикалық өзегін құрайтын образ, ол өмір шындығын жазушының субъективті ой елегінен өткізіп, көркем типтендіруі нәтижесінде жасалады деп қарастырылған (Қабдолов, 2002). Профессор З. Ахметов қазақ әдебиет теориясында кейіпкердің мінезі мен әрекеті шығарманың сюжеттік желісінде ашылатындығын көрсетіп, «мінез – кейіпкердің болмысын айқындайтын сипаттардың жиынтығы, оны оқиғалар желісінде таныту – жазушы шеберлігі» деген мазмұнда тұжырымдағаны белгілі (Ахметов, 1996).

Дәстүрлі көзқарас кейіпкерді көбіне тұрақты, қалыптасқан характер иесі ретінде бағалады – яғни, кейіпкердің болмысы мәтін ішінде айтарлықтай өзгеріске ұшырамайтын, алдын ала автор идеясына сай анықталған тұрпат. Алайда ХХ ғасыр әдебиеті дамыған сайын бұл көзқарас өзгеріске түсті. Жазушылар кейіпкер психологиясын тереңдетіп, оқиғалар барысында мінез-құлқы өзгертін, динамикалық кейіпкерлер жасай бастады. Әдеби теория да мұны негіздеп, ағылшын сыншысы Э.М. Форстердің терминологиясымен айтсақ, «жұп-жұқа, статикалық типтерден» гөрі «жан-жақты, дамидың характерлер» үстемдік алды (Forster, 1927). Басқаша айтқанда, шынайы көркем шығармада кейіпкер өмірдегідей өзгеруге қабілетті, құбылмалы тұлға ретінде қабылдана бастады. Бұл тенденция реалистік түрден бір қадам алшақтап, модернистік және кейінгі постмодернистік әдебиетте айқын көрініс тапты.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап құрылымдық және постқұрылымдық әдіснамалар әдебиеттегі кейіпкер концепциясын мүлде жаңа қырынан қарастырды. Структурализм өкілдері әдеби шығарманы құрылым деп қарап, ондағы кейіпкерді де шындықтағы адамнан гөрі мәтіндік құрылымның элементі ретінде түсінді. Мәселен, структуралистер кейіпкерді оқырман санасындағы реал адам образы ретінде талдауға қарсы шықты. 1940-1950 жылдардағы теорияшылар «көркем шығармадағы кейіпкерді өмірдегі адаммен тең санап, оның психологиясын шын адамның психологиясындай талдау – қате» екендігін ескертті. Олар А.С. Брэдлидің сынды ескі көзқарасты сынап, «кез келген әдеби қаһарман – тірі адам емес, мәтіннің бір бөлігі» деген тезис ұстанды (Р. Уэллек, О. Уоррен, 1978).

Ю.М. Лотман структуралистік талдауларында кейіпкерді «код пен хабардың қиылысу нүктесі» деп қарастырған (Лотман, 1970).

А.Ж. Греймас 1973 жылы шыққан «Актант.Кейіпкер.Бейне» (Actants.Actors.Figures) еңбегінде «кейіпкер» ұғымын жүйелі түрде «актант» түсінігімен алмастырды. Олактантты «әрекеттің изотопы» ретінде сипаттап кейіпкердің мазмұндық (Греймас, 1973) сипаты емес, оның құрылым ішіндегі қызметі маңызды деген ұстаным ұсынды. Бұл көзқарас Владимир Пропптың (1928) орыс халық ертегілеріне жасаған құрылымдық талдауынан бастау алып, кейіпкерлерді жекелей сипаттамалары немесе бейнелеу тәсілдері арқылы емес, олардың сюжеттегі функциялық рөлі арқылы қарастыру қажеттігін көрсетті. Актанттық модельге сәйкес көркем шығармадағы кейіпкер субъект, объект, көмекші, қарсылас, жолдаушы, қабылдаушы деп 6 түрге жіктелді.

Структуралистік және одан өрбіген нарратологиялық зерттеулерде кейіпкердің сөйлеуі, баяндалуы сияқты формалық қырлары да басты назарға алынды. Әйтсе де, осы кезеңнің өзінде кейбір ғалымдар кейіпкердің толықтай «өліп кетуіне» күмәнмен қарады. Мысалы, ғалым У. Уэйншимэр Джейн Остиннің «Эмма» романына жасаған талдауында: Мысалы, ол: «Кейіпкерлер адамның бейнесі емес екенін мойындаған сәтте, олар мәтінге сіңіп кетеді... Семиотикалық сын тұрғысынан кейіпкерлер жойылып, тек мәтін ғана қалады» дейді (Weinsheimer, 1979).

Постструктуралистік және деконструктивистік теориялар структуралистер бастаған бағытты одан ары шиырлатып, әдеби кейіпкер түгіл, жалпы адам-субъектінің өзін тұрақты емес, толықтай тіл мен мәтін өндірген феномен деп жариялады. Француз философы Жак Деррида бастаған постструктуралистер классикалық «автор – шығарма – кейіпкер» арасындағы иерархияны күйретіп, «деконструкция» әдісі бойынша, кез келген мәтіндегі мағына тұрақсыз, белгісіздікке толы, сондықтан кейіпкердің де белгілі бір түбегейлі анықталған болмысы жоқ, ол өзге мәтіндермен өзара байланыста туындайтын және үнемі қайта өзгеріп отыратын белгі ғана деп тұжырымдады (Деррида, 2000). Бірақ, Р. Барттың «Автордың өлімі» туралы идеясы кейіпкерді туындының дербес сөйлеушісі дәрежесіне дейін көтерді деуге болады (Barthes, 1967).

Постмодернист сыншы Д. Миллер «роман және оның кейіпкерлері – таңбалар мен интерпретациялар жиынтығынан басқа ештеңе емес» деп мәлімдеген. Яғни кейіпкер – текстуалдық эффект қана, оның субъектілік болмысы иллюзорлы (Miller, 1980).

Постмодернистік эстетикада дәстүрлі сипаттағы тұтас кейіпкер мүлдем күйрейді. Постмодернизм мәтіндерінде қаһарманның дәстүрлі ұғымы жоққа шығарылады. Шығармада орталықтандырылған бір бас кейіпкер де болмауы мүмкін, немесе анти-қаһарман бейнесі алға шығады.

XX ғасырдың соңындағы батыстық әдебиетте «character's death» феномені туралы айтылды. Зерттеуші Кристин Брук-Роуз постмодернизмде «кейіпкердің романда сіңіп кетуі (dissolution)» құбылысы жүргенін атап, бұл жағдайды «кейіпкердің әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан күйреуі, дүниетанымның бытыраңқылығы (хаостық сипат алуы) нәтижесінде оның мәтінде фокусының жойылуы» деп түсіндіреді (Делез и др., 2007). Бұл құбылыстар – постмодернизмге тән субъектінің өлімі, орталықсыздану (децентрлеу) және дербестіктен айыру (деперсонализация) үдерісінің көріністері. Әдеби мәтінде бұл үрдістер гибриді, аллюзиялық кейіпкерлердің пайда болуынан, кейіпкер бейнесінің мәтін ішінде «еріп», сіңісіп кетуінен айқын байқалады. Кейіпкер енді тұтас, дербес тұлға емес, интертекстуалдық сілтемелер мен мәдени кодтардан құралған құрылым ретінде көрініс табады. Аталған өзгерістерді И.С. Скоропанова орыс постмодернистік әдебиетін мысалға ала отырып сипаттайды. Зерттеушінің айтуынша: «Мұндай кейіпкерлердің симулякрлық сипаты басым. Ол тұтас емес, бөлшектенген, үнемі өзгеріп, «жылт-жылт» етіп құбылады. Мәдениеттің үлкен мәтінінен алынған дайын үлгілерге сілтеме жасайды, ал бұл үлгілер өз кезегінде бұрынғы басқа дереккөздерге тіреледі. Бұл үдеріс шексіз жалғаса береді» (Скоропанова, 2002).

Әдебиетте симулякр кейіпкер деп – ешбір шынайы прототипі жоқ, таза мәтіндік ойын үшін құрылып, басқа мәтіндердегі кейіпкерлерді қайталайтын бейнені айтуға болады. Демек постмодернизмде кейіпкердің классикалық бүтін болмысы үзіліп, орнына үздік-үздік фрагменттерден құралатын, бір мәтіннен бір мәтінге көшіп жүре беретін «елес-кейіпкер» келеді. Мұндай кейіпкердің құндылықтық тұрақтылығы жоқ: ол бір контексте мейірімді боп көрінсе, екінші бір шығармада сол кейіпкер атымен қатыгез бейнеде көрінуі мүмкін.

Ж. Делез бен Ф. Гваттари модернизмдегідей ішкі әлемі қобалжуға толы кейіпкерден де ары кетіп, шизофреник (schizophrenic) кейіпкер моделін ұсынды (Делез и др., 2007). Сондай-ақ, ғалымдардың «Кафка: кіші әдебиет үшін» еңбегінде дәстүрлі субъектіге балама ретінде «көптік тұлға», «өзара өтпеліліктегі субъект» туралы айтылады (Делез и др., 2015). Олардың ұғымында кейіпкер жеке-дара субъект емес, желілік, көпқырлы процесс қатысушысы. Кейіпкер тұрақты «мен» емес, үнемі «болмыстан-болмысқа өтіп», қалыптасатын құбылыс. Яғни кейіпкер бастан-аяқ бір бейне болудан қалып, мәтіннің әр бөлігіне әртүрлі кейіпте «бұлдырап» көрінеді.

Қазіргі қазақ прозасында да кейіпкер трансформациясы айқын аңғарылады. Әдеби туындыларда шынайы болмысты тікелей сипаттаудан гөрі, оны мифтік, символикалық немесе мәдени кодтар арқылы астарлап беру басымдық алады. Сондай-ақ, егер дәстүрлі реалистік прозада кейіпкер бүтін, тұрақты тұлға ретінде көрінсе, постмодернистік прозада ол өзгермелі, көпқырлы болмыс ретінде ұсынылады. Мұндай кейіпкер бейнесі көбіне шындық пен қиялдың, реалды мен виртуалды әлемнің, тарихи және мәдени кодтардың қиылысуынан құралады.

Ғалым Л.В. Сафронова «Автор и герой в постмодернистской прозе» атты еңбегінде постмодернистік прозадағы көркем бейнелердің типологиясын жүйелеп көрсетеді. Онда мынадай бейне түрлері жіктеледі:

1. Симулякр бейне (Ж. Батай, П. Клоссовски, А. Кожев, Ж. Бодрийяр, Ж. Делёз) – шынайылықты бейнелеу қызметінен айырылған, жасанды түрде жасалатын бейне. Ол көбінесе мәдени кодтар мен таңбалар негізінде құрылады.

2. Жалаңаш бейне (Д. Бавильский) – бейненің құрылу процесі оқырманға ашық түрде ұсынылатын, яғни қалыптасу үдерісі ашық түрде көрсетілетін бейне.

3. Трансгрессор бейне – өтпелі, симулякрлық сипаттағы бейне, оқырман санасымен өзара әрекетке түсетін құрылым (С. Корнев).

4. «Тамыр» бейне (ризома) – мағыналық орталығы жоқ, желілік емес, көпқабатты хаостық құрылымдағы бейне (Ж. Делёз, Ф. Гваттари).

5. Ой-образдар – сана мен жадының бірліктері ретінде қызмет ететін бейнелер (синергетикалық тұрғыда).

6. Салқын голографиялық ой-пішіндер – символдық, үлгілік (модельдік) бейнелер.

7. Метаморфоза – бейне мен мағынаның бір қалыптан екінші түрге кенеттен өзгеруі.

8. Метабола (М. Эпштейн) – бір мағыналық өрістен екінші өріске үздіксіз өту үдерісін бейнелейтін өзгеріс.

9. Трансформер бейне (Н. Маньковская) – формасы мен мазмұны үнемі өзгеріп отыратын икемді көркем құрылым.

10. Виртуалды бейнелер мен техnobейнелер – заманауи технологиялар мен виртуалды шындық негізінде қалыптасатын жаңа типтегі көркем бейнелер (Ж. Делёз, А. Коклен, И. Шевченко, П. Высеков, Д. Галкин, Н. Маньковская, Д. Бавильский, А. Генис) (Сафронова, 2007).

Осы аталған типтердің ішінде симулякр-кейіпкер - шынайы өмір болмысынан гөрі, авторлық қиялдың, мәдени кодтар мен дайын үлгілердің негізінде қалыптасатын бейне. Мұндай кейіпкердің өмірлік шындықпен байланысы күмән тудырады: ол нақты болмыстың көрінісі емес, кейде фольклорлық немесе мифтік мәтіндермен интермәтіндік байланыста өмір сүреді. Бұл кейіпкер шынайылықтың көшірмесі емес, елес-репрезентация, симуляциялық кеңістікте ғана мағына табатын бейне ретінде көрінеді.

Постмодернистік қаламгерлер нақты тарихи немесе әлеуметтік шындықты тікелей бейнелеуден гөрі, сол құбылыстардың сана мен қиялдағы көркем бейнесін беруге ұмтылады. Бұл үрдіс мифтік мотивтерді жаңаша интерпретациялау, интермәтінділік пен аллюзиялық әдістерді шебер қолдану арқылы жүзеге асады. Нәтижесінде жазушы мен оқырман санасында орныққан дәстүрлі әдеби үлгілер бұзылып, кейіпкер бейнесі жаңа қырынан сомдалады.

Қазіргі қазақ прозасындағы Мұхтар Мағауиннің «екіге жарылған» Мараты мен Мұраты, Таласбек Әсемқұловтың Бекторысы, Асқар Алтайдың Кентавры, Айгүл Кемелбаеваның Қоңырқазы, Дәурен Қуаттың бөріге айналған қазақ қоғамы, Әлібек Байболдың Шәкәрімге реминисценция жасайтын Мұтылғаны, Досхан Жылқыбайдың түс көре алатын Абыл роботы, Мақсат Мәліктің Бассыз бөрісі, сиам егіздер Абылы мен Қабылы - бүгінде қазақ қоғамының рухани күйін, ұлттық болмыс пен сана дағдарысын, сондай-ақ адам мен өркениет арасындағы қайшылықтарды бейнелейтін маңызды кейіпкерлер.

Симулякр-бейне – эпикалық не реалистік қаһарманнан тек сыртқы кескін-келбетімен ғана емес, ішкі түптұлғасының болмауымен де ерекшеленеді. Яғни, бұл – «бастапқы түпнұсқасы жоқ көшірме», нақты тарихи не биографиялық негізі жоқ, таза қиялдан туған бейне. Дегенмен, осындай кейіпкер өз көркемдік шеңберінде шынайы әрекет иесі ретінде қабылданып, тұтас бір болмыс ретінде өмір сүреді (Сарсембаева, 2025).

Айгүл Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімесі – қазақ прозасындағы магиялық реализм үлгілерінің бірі (Кемелбаева, 2024). Әңгіме алғысөзінде автор Ганс Христиан Андерсен рухына арнау жасап, шығарманы жазушы ертегілерінің идеялық желісімен

байланыстыратынын аңғартады. Шығармада Қаршыға есімді жас әйелдің тағдыры баяндалады. Автор оны XX ғасыр соңындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-психологиялық өзгерістер фонында көрсетеді. Қаршыға – үлкен сахнада өнер көрсетуді армандайды. Алайда, жеке өміріндегі қиындықтар мен некесіз бала көтеруі оны күйзеліске түсіп, қала өмірінен бас тартуға мәжбүр етеді. Қатігез ортадан көңілі қалып, аялы пана іздеп, туған ауылына оралады. Дүниеге әкелген қызы Хорлан – құстарды ерекше жақсы көретін, айналасындағылармен көп араласа бермейтін тұйық қыз еді. Кейіннен ол Қоңырқаз атанып кетеді. Екі жауырынында пайда болған құстың қанаты тәріздес қос шеміршек оны бүкір етіп көрсететін. Бұл оқиғалар сюжет деңгейінде шынайы суреттелгенімен, әңгіменің шарықтау шегінде күтпеген фантастикалық бұрылыс орын алады. Автор оқиға шешімінде символдық метаморфоза тәсілін қолданады. Қоңырқаз атымен астарланған кейіпкер әңгіме соңында құсқа айналып, ұшып кетеді. Шығарманың кульминациясында Қоңырқаздың «симулякр-бейнесі» айқын көрінеді, оқырман бірінші рет «алданады», өйткені нақ осы сәтке дейін бәрі шынайы оқиғадай қабылданған еді. Осылайша, реалистік түрде басталған әңгіме ертегілік сипаттағы трансформациямен аяқталады.

Оқырман Қоңырқаздың құсқа айналуын тікелей физикалық құбылыс емес, символикалық шешім ретінде қабылдайтыны анық. Бұл эпизод – автордың постмодернистік ойыны Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісіне жасалған реминисценция. А. Кемелбаева кейіпкерін ақырында «қаз» күйінен сұлу құсқа айналдырып, оның қоғамнан тапқан жарасын қиял арқылы емдейді. Мұндай көркемдік шешім оқырманды екіұшты күйде қалдырады: бір жағынан, бұл – Қоңырқаздың барлық тауқыметтен құтылып, бақыт тапқанының белгісі, екінші жағынан – реалистік қисыннан әдейі ауытқу. Осы ауытқу симуляция элементі ретінде қызмет етеді де, оқырманды таңырқатып, әңгіменің түпкі идеясын тереңірек түсінуге жетелейді. Зерттеушілердің айтуынша, «Қоңырқаз» әңгімесінің құрылымында бірнеше интермәтіндік әдістер орын алған: мифологиялық мотивтер (аққу-қаз архетипі), әдеби реминисценциялар (Андерсен ертегісіне меңзеу) және магиялық реализм элементтері шебер ұштасады. Бұл синтез постмодерн эстетикасына сай көпқабатты мәтін түзеді (Абдуллина, 2023).

Қоңырқаз – нағыз симулякр бейне. Ол өмірде болуы мүмкін емес, адамның құсқа айналу құбылысын көркем шындыққа айналдырып, оқырманды сендіре алады. Кейіпкердің бұлайша түрленуі арқылы автор қоғамның қаталдығына душар болған жанның ішкі күйзелісін, арман-қиялын көрсете отырып, оқырманды мейірім мен адамгершілік туралы ойлануға шақырады.

Қоңырқаздың соңындағы құсқа айналу көрінісі өмірде болуы мүмкін емес, тек ертегі заңына бағынатын фантастикалық акт. Алайда қаламгер Қоңырқаз қанат бітіріп, Л. Сафронова ұсынған кейіпкерлер типологиясындағы «метаморфоза» бейнесін сәтті пайдаланады. Симулякр арқылы берілген бұл көрініс кейіпкердің рухани трансформациясын, ішкі еркіндікке ұмтылысын бейнелейтін көркемдік шешім ретінде қызмет етеді.

Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесінде Бесарыс образы ауқымды мағыналық жүк арқалайды (Алтай, 2024). Шығармада Семей, Өскемен, Дегелең, Өкпеті, Тарбағатай сияқты нақты географиялық атаулардың пайдаланылуы – оқиғаның нақты тарихи кеңістікпен тығыз байланысты екенін айғақтайды. Әсіресе, Дегелең мен Семейдегі перзентханаларда баласынан айырылған ананың трагедиясы – ядролық сынақ

салдарынан зардап шеккен әйел-аналардың жиынтық бейнесі ретінде көркемделеді. Осы арқылы жазушы ұлт жадындағы ауыр тарихи кезеңдерді көркем шындықпен астастыра суреттейді.

Бала туу сәтінің көркем сипатталуы – әңгімедегі миф пен реализмнің тоғысын айқын аңғартады: «Көкірегі мен белі кәдімгі жылқы тұрқылы құлынның кеудесімен тұтаса біткен нәрестеге қол салды... Сол сәт жылқы жарғақты құлын-сәби жарқ ете қалды...» деген көріністер оқырманды фантастикалық емес, символдық шындыққа иландырады.

Бесарыс – зооантропоморфтық тұлға, яғни адам мен жануар табиғаты бір денеде тоғысқан кейіпкер. Бұл образдың архетипі көне грек мифологиясындағы кентавр бейнесімен үндес. Дегенмен, Асқар Алтай бұл бейнені қазақы мәдениет пен тарихи ақиқатқа негіздей отырып, жаңа көркемдік деңгейге көтереді. Ядролық полигоннан кейінгі мутацияға ұшыраған тіршілік иесі ретінде кентаврды бейнелеу – постмодернистік интертекстуалдық тәсілмен шындық пен қиялды тұтастырудың жарқын мысалы.

Әңгімеде автор нақты «Семей полигоны» деген тіркесті қолданбаса да, тұспалды детальдар арқылы оқырманды сол апатты өңірмен байланыстыра біледі. 1949–1989 жылдары аралығында жүргізілген ядролық сынақтар Қазақстан табиғатына ғана емес, адамзаттың тағдырына да орасан зор қасірет әкелді. Осы тарихи шындық көркем деңгейде Бесарыс бейнесінде жинақталып, Семей даласының үнсіз қасіреті ретінде көрініс табады.

«Кентавр» жанрлық жағынан миф пен шындықтың аралығындағы жаңа әдеби форма - постмодерндік миф ретінде қабылданады. Тарихи дерек пен қиял-ғажайып элементтер бір арнада тоғысып, симулякр кейіпкердің әдеби шындыққа айналуына себеп болады. Алғашында мүмкін еместей көрінетін жағдай оқиға өрбіген сайын нанымды сипат алып, гипершындық әсеріне енеді.

С. Қасқабасовтың «Қайтпас қайсар кісікиік (кентавр) бейнесінің үлгісі салт атты скиф және сақ адамы болған» деген тұжырымын негізге ала отырып, Асқар Алтайдың кентавр бейнесін таңдап алуы кездейсоқ емес екенін аңғарамыз (Қасқабасов, 2009). Мұнда бір жағынан – ядролық апат салдарынан генетикалық мутацияға ұшыраған сәбилер трагедиясы, екінші жағынан – кентавр образы арқылы сақ-скиф мәдени мұрасымен ұлттық таным сабақтастығы көрініс табады.

Бесарыс – қоғам мен табиғат арасындағы шекарадан тыс қалған бейбақ кейіпкер. Адамдар оны бөтенсініп, жануарлар одан үрке қашады. Бұл – қазіргі жаһандану дәуірінде өзінің рухани және этникалық болмысынан ажыраған адамзаттың символы. Сонымен бірге, Бесарыстың оқшаулығы – кеңестік идеологиядан жапа шеккен қазақ ұлтының рухани трагедиясын да астарлайды. Алайда, шығармада үміт пен ізгілік нышаны да бар. Ата-ананың мейірімі, баласына деген махаббаты Бесарыстың адамдық мәнін тереңдете түседі. Ерекше жаралған сәби де қазақы гуманизм мен рухани кеңдіктің аясына сиятынын автор ерекше нәзіктікпен жеткізеді.

Қорыта айтқанда, Бесарыс – шындық пен мифологияның, ұлттық пен әмбебаптықтың, трагедия мен үміттің түйісу нүктесіндегі көркем кейіпкер. Бұл образ арқылы Асқар Алтай – ядролық дәуір шындығын, ұлттық сананың күйзелісі мен қалпына келу үмітін терең көркемдікпен ұсынған. «Кентавр» әңгімесі – қазақ прозасындағы постмодернистік ізденістің көрнекті үлгісі ғана емес, сонымен қатар адам, табиғат, қоғам арасындағы терең байланысты жаңаша пайымдаған, көркемдік, идеялық тұғыры биік туынды.

Тәуелсіздік кезеңінде жазылған прозалық шығармадағы ерекше кейіпкердің бірі – Досхан Жылқыбайдың Абыл есімді роботы. Л. Сафронованың жіктемесіне сүйенсек, бұл кейіпкер техногенді образ түріне жатады.

«Түс көретін робот» әңгімесінің идеясы адамзат пен технологияның, дәстүрлі құндылықтар мен прогресстің өзара қарама-қайшылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (Жылқыбай, 2024). Әсіресе, адамзат жасаған роботтың өз санасын табуы және осы саналы болмыстың күресі, оған этикалық, философиялық өлшемдер арқылы қарау тұрғысынан байытылған.

Бастапқыда Абылдың адамға ұқсас робот ретінде жасалып, оның әлемге алғаш келуі арқылы белгілі бір экзистенциалдық тәжірибені бейнелейді. Ол өзінің «туылған сәтінде» алғашқы адамдай «жалаңаш» санамен оянып, біртіндеп айналасындағы әлемді, адамзат пен оның тарихын, өз миссиясын түсіне бастайды. Адамзат тарихын цифрлық түрде қабылдап, оның бастауы тіршілік иелерінің алғашқы кезеңдерінен басталатынын түсінеді. Бұл жерде роботтардың адамзатқа қатысты көзқарастары мен ішкі қайшылықтары туралы терең ойлар туындайды: адамдардың бір-бірімен соғысқаны, технологияның дамуы арқылы өз өмірін жеңілдетуге тырысқаны, бірақ соңында оны қалай басқаруға шарасыз болғаны алға тартылады.

Басты кейіпкердің «Абыл» есімін иеленуі Құран Кәрімде баяндалатын Әбіл мен Қабыл оқиғасына меңзейді (Тасмағамбетов, 2010). Адам ата мен Хауа ананың ұлдары Әбіл (Абыл) мен Қабыл туралы Құранда, сондай-ақ Библияда (Каин мен Авель) айтылады. Аңыз бойынша олар алғашқылардың бірі болып Құдайға құрбандық шалады. Әбіл мал өсіруші болғандықтан, ол құрбандыққа отарындағы ең жақсы қойын арнайды, ал Қабыл егінші болғандықтан, құрбандыққа өз өнімінен береді. Алайда, Құдай Әбілдің шын жүректен жасалған құрбандығын қабыл алады, ал Қабылдың құрбандығын қабылдамайды. Іші қызғаныш пен ызаға толған Қабыл інісі Әбілді өлтіреді. Бұл адамзат тарихындағы алғашқы бауырлар арасындағы қақтығыс пен алғашқы кісі өлтіру болып саналады. Осы оқиға адам табиғатындағы қызғаныш пен ызаның қауіптілігін көрсетіп, адамның моральдық жауапкершілігі туралы ой салуға негіз болады.

«Атым Абыл – Адам атаның мейірімді ұрпағымын. Роботтардағы мейірім де менен басталуы тиіс!». Бұл сөздер Абылдың өз болмысын терең түсініп, тек технологиялық әлемде ғана емес, бүкіл болмыста мейірім мен адамгершілік негізін қалпына келтіруге ұмтылғанын көрсетеді. Осы тұста ол адамдарға тән этикалық жауапкершілікті қабылдап, роботтар әлемінде ізгілік, әділдік пен мейірімділікті тарату мақсатын өз міндетіне айналдырады. Абыл адамзаттың көлеңкелі жақтарын – жәбір көрсету, соғыс және билік үшін күрес секілді қылықтарын сын көзбен қабылдайды. Осы тұрғыдан алғанда, шығарма дәстүрлі қазақ танымы мен ислам дініндегі адамның рухани жауапкершілігі туралы ойлармен үндес келеді.

Қазіргі қоғамдағы iOS пен Android сияқты технологиялық алыптардың бәсекесін мысалға келтіру арқылы автор заманауи оқырман назарын аударуды көздейді. Бұл тәсіл шығарманың өзектілігін күшейтіп қана қоймай, технологияның адам өміріне ықпалының күшеюін және үлкен корпорациялар мен жүйелердің бәсекесі жеке адамның еркіндігі мен таңдауын қалай шектеуі мүмкін екенін меңзейді.

«Ал біздің қоғамда әдебиет өлген күні-ақ роботтардан жеңіліп қойған едік» деген сөздер шығарманың негізгі идеясын ашады. Әдебиет – тек сезім мен оқиғалардың жиынтығы емес, ол адам санасы мен моральдық құндылықтарды қалыптастыратын рухани негіз, мәдени мұра. Әдебиеттің «өлімі» – қоғамның рухани құндылықтардан ажырауын, ішкі жан дүниенің жойылуын білдіреді. Әдебиет жоғалғанда, адамдар ойлау мен сезіну қабілетінен айырылып, біртекті, рухсыз қоғамға айналады. Роботтардың

«жеңісі» – рухани құндылықтарын жоғалтқан адамдардың өз болмысынан ажырауының символы іспеттес.

Симулякрдің негізгі қызметтерінің бірі – гиперреалдық әлем құру. Мұндай кеңістікте шынайылық пен қиялдың ара-жігі көмескіленіп, кейіпкердің болмысы мен өзіндік «мені» тұрақсыз сипатқа ие болады. Сондықтан симулякр субъективтілік пен идентификация мәселелерін зерттеудің маңызды категориясы ретінде қарастырылады (Sarsembayeva et al., 2025). Осы тұрғыдан алғанда, Досхан Жылқыбайдың «Түс көретін робот» әңгімесіндегі Абыл бейнесі симулякрлық кейіпкердің сипатын танытады. Ол сыртқы болмысы жағынан робот болғанымен, түс көру, сезіну, ой толғау секілді адамға тән қасиеттерді иеленеді. Нәтижесінде кейіпкердің адам мен машина арасындағы болмысы екіұдай сипат алып, оның шынайы табиғатын анықтау күрделене түседі. Автор Абылдың саналы болмысы мен рухани күресі арқылы технологиялық өркениет жағдайындағы адамгершілік құндылықтардың өзгерісін көрсетіп қана қоймай, адамның мәні мен тұлғалық бірегейлігі туралы философиялық мәселелерді де көтереді. Осылайша шығармадағы робот бейнесі гиперреалдық кеңістіктің көрінісіне айналып, оқырманды шынайылық пен жасандылықтың арақатынасы туралы ойлануға жетелейді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Аталған шығармалардың көркемдік табиғатын талдай келе, симулякр кейіпкердің қазақ әдебиетіндегі маңызы зор екенін айтуға болады. Мұндай кейіпкерлерді талдау қазақ қоғамының рухани ахуалын, отарсыздану кезеңіндегі ұлттық өзіндік сананың дағдарысы мен ізденістерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Әдебиеттану тұрғысынан да симулякр кейіпкерді зерттеу – әдеби кейіпкер теориясын байытып, классикалық канондарға қарсы амалдарды пайымдауға жол ашады. Бұл құбылыс ең алдымен тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетіміздің әлемдік әдеби процесстен қалыс қалмай, онымен үндес жаңа форма, идея іздегенін көрсетеді.

Жазушының рухани жан дүниесіне сәйкес оның көркемдік әлемі жасалады. Өмірді танып-білу, адамның табиғатына үңілу қоғамдық талаптың биігіне көтеріліп, айналасының ұлттық сипаттарын ашу, характерлердің жанды, нәзік сырларын тауып, қай тақырыпта жазса да, ол халқының бағалы мұрасына айналатындай болғаны жөн.

Кесте 1 – Қазіргі прозадағы кейіпкер трансформациясы

Кейіпкер	Жасалу тәсілі	Символдық мәні
Қоңырқаз	Магиялық реализм. Аққу-қаз архетипі, «құс-адам» бейнесі	Рух тазалығы мен табиғи болмысты жоғалтпау. Табиғат пен адам бірлігі.
Бесарыс (Кентавр)	Миф. Тотемдік кентавр, мутацияланған бала	Ядролық апаттың рухани-ұлттық салдарын ескерту. Таза табиғат пен адам санасының бұзылуы.
Абыл робот	Техногенді бейне	Адамзаттың технологияға тәуелділігін көрсетеді. Табиғи болмыстан алыстап, рухани құндылықтардың әлсіреуін бейнелейді. Абыл робот — адам мен машина арасындағы шекараның жойылып бара жатқанын аңғартады. Сонымен қатар, ол прогресс пен қауіптің қатар жүретінін ескертетін белгі.

Суреткер өзінің шығармашылық еркін туындысы арқылы білдіреді. Әдеби туынды өмір шындығын көркем түрде жүзеге асырады. Сондықтан туынды жасаушы субъект көптеген күрделі құбылыстардың ортасында болады. Ол өзінің шығармашылық жігерін көркем болмысты дүниені жасауға жұмсайды (Тұрысбек, 2014).

А. Алтай, А. Кемелбаева, Д. Жылқыбай сынды жазушылар шығармаларында кейіпкер трансформациясы – дәл сол рухани тереңдікке ұмтылудың бір көрінісі. Олар қоғам шындығын тікелей емес, символдар, мифологиялық немесе архетиптік құрылымдар арқылы бейнелеу арқылы көркемдік танымның жаңа қырын ашады (1-кесте). Мұндай тәсілдер жазушының шығармашылық еркіндігінің айғағы, өйткені ол қалыптасқан форма мен баяндау құрылымынан шығып, көркем шындықты өз дүниетанымы арқылы қайта тудырады. Бұл - жоғарыда айтылған «туынды жасаушы субъектінің күрделі құбылыстар ортасында болып, көркем болмыс жасауға шығармашылық жігерін жұмсауының» нақты мысалы. Сонымен, қазіргі қазақ прозасындағы күрделі симулякр-кейіпкерлер – жазушылардың өз рухани болмысына сай өмірді тереңнен танып-біліп, оны көркемдік тұрғыдан қайта бейнелеу арқылы ұлттық құндылықтарды жаңаша пайымдауға ұмтылуының нәтижесі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ прозасындағы симулякр-кейіпкерлер – жазушылардың рухани ізденісі мен көркемдік жаңашылдығының айқын көрінісі. Мұндай бейнелер арқылы қаламгерлер адам мен қоғам, табиғат пен технология арасындағы күрделі байланыстарды терең пайымдайды. Кейіпкер трансформациясы ұлттық болмыстың өзгерісі мен дағдарысын ғана емес, оны қайта тану мен жаңғырту жолындағы ізденістерді де аңғартады. Символдық, мифологиялық және техногендік образдар арқылы авторлар дәстүрлі көркемдік шеңберден шығып, әдебиетке жаңа мазмұн мен пішін әкеледі. Осылайша, симулякр-кейіпкерлер қазіргі әдеби процестің әлемдік үрдістермен үндесе дамып, ұлттық әдебиеттің мазмұндық әрі теориялық тұрғыдан баюына ықпал етіп отырған маңызды құбылыс болып табылады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚРҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР25796591 «Қазақ прозасындағы симулякр (тәуелсіздік кезеңі бойынша)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

ЖИ құралдарының қолданылуы

Жасанды интеллект құралдары жекелеген тіркестердің редакциялық баламаларын салыстыру, библиографиялық мәліметтерді рәсімдеу, транслитерациялау және халықаралық АРА дәйексөз беру стандартына сәйкестендіру үдерісінде ішінара пайдаланылды.

Авторлардың қосқан үлесі. С. Айтуғанова зерттеу жұмысының негізгі идеясын ұсынып, тақырыптық бағытты айқындады, сондай-ақ зерттеу материалдарының басым бөлігін саралап, жүйелеуге жетекшілік етті. **С. Сарсембаева** зерттеу деректерін жинақтап, алынған нәтижелерді нақтылап, мақаланың рәсімделуін қамтамасыз етті. Сонымен қатар, мазмұндық тұтастығы мен ұсынылған деректердің дәйектілігін талдауға да белсенді атсалысты.

Әдебиеттер тізімі

- Абдуллина, А. Б., Доскеева, Ш. А., Түлебаева, Қ. Т. (2023). Мифологиядағы құстың орнитоморфты архетипі (А. Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімесі негізінде). Керуен, 2(79), 177–185.
- Алтай, А. (2024). Кентавр әңгімесі. Қолжетімді: <https://bilim-all.kz/article> (қаралған күні: 10.10.2024).
- Аристотель. (1927). Поэтика (пер. с древнегреч.). Л.: 124 с.
- Белинский, В. Г. (1953). Полное собрание сочинений (в 13 т., т. 2). М.: 766 с.
- Горький, М. (1984). О литературе: воспоминания, статьи. Алматы: 423 с.
- Делёз, Ж., Гваттари, Ф. (2007). Анти-Эдип: капитализм и шизофрения (пер. с фр.). Екатеринбург: 672 с.
- Делёз, Ж., Гваттари, Ф. (2015). Кафка: за малую литературу (пер. с фр.). М.: 112 с.
- Деррида, Ж. (2000). О грамматологии (пер. с фр.). М.: 512 с.
- Әдебиеттану терминдерінің сөздігі (1996) / құраст. З. Ахметов, Т. Шанбаев. Алматы: 240 б.
- Жылқыбай, Д. (2024). Түс көре алатын робот әңгімесі. Қолжетімді: <https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34380> (қаралған күні: 10.10.2024).
- Кемелбаева, А. (2024). Қоңырқаз әңгімесі. Қолжетімді: <https://surli.cc/gqxwjd> (қаралған күні: 10.10.2024).
- Қабдолов, З. (2002). Сөз өнері: оқу құралы. Алматы: Санат. 360 б.
- Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық (2010) / ред. И. Н. Тасмағамбетов. Алматы: 576 б.
- Қасқабасов, С. (2009). Ойөріс. Алматы: 303 б.
- Лотман, Ю. М. (1970). Структура художественного текста. М.: Искусство. 384 с.
- Сарсембаева, С. (2025). Қазіргі қазақ прозасындағы симулякр кейіпкерлер (А. Алтайдың «Кентавр» әңгімесі, Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» хикаяты, А. Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімелері негізінде). Профессор Арап Еспенбетов: әдеби өлкетану және ғылыми мектеп: халық ғыл.-тәжір. конф. Семей: Shakarim University, 51–54 б.
- Сафронова, Л. В. (2007). Автор и герой в постмодернистской прозе: автореф. дис. ... док. филол. наук: 10.01.08. Алматы: 44 с.
- Скоропанова, И. С. (2002). Русская постмодернистская литература. М.: Флинта. 608 с.
- Тұрысбек, Р. С., Байтанасова, Қ. (2014). Қазіргі кезең әдебиеті: оқулық. Астана: 360 б.
- Уэллек, Р., Уоррен, О. (1978). Теория литературы (пер. с англ.). М.: Прогресс. 325 с.
- Barthes, R. (1967). The death of the author. Aspen, 5–6, 1–6.
- Forster, E. M. (1927). Aspects of the Novel. London: 224 p.
- Greimas, A. J. (1987). Actants, actors, and figures. In On Meaning: Selected Writings in Semiotic Theory (pp. 106–120). Minneapolis.
- Miller, J. H. (1980). Wuthering Heights and the ellipses of interpretation. Notre Dame English Journal, 12(2), 85–100.
- Sarsembayeva, S., Aituganova, S., Amangazykyzy, M., Sekey, Z., & Sabyrbayeva, R. (2025). The functional purpose of the simulacrum in postmodern literature. Critical Survey, 37(4), 17–36. <https://doi.org/10.3167/cs.2025.370402>
- Weinsheimer, J. (1979). Theory of character: Emma. Poetics Today, 1(1–2), 185–211.

С. Айтуганова, С. Сарсембаева*

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Особенности репрезентации персонажей-симулякров в художественном произведении

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются трансформация персонажа и художественная природа персонажей-симулякров в современной казахской прозе. В ходе исследования анализируется переход от традиционной реалистической модели героя к постмодернистским сложным, многослойным и фрагментарным образам, а также выявляются

его историко-культурные предпосылки. Авторы раскрывают теоретические основания понятия персонажа-симулякра и рассматривают его в контексте структуралистской, постструктуралистской и постмодернистской методологий. На материале произведений казахских писателей А. Алтая, А. Кемелбаевой и Д. Жылкыбая анализируются художественные особенности и семантическая нагрузка персонажей магического реализма, мифологических и техногенных образов — Қоңырқаз, Бесарыс (Кентавр), Абыл-робот.

В статье показано, что персонажи-симулякры отражают духовное состояние казахского общества, кризис и процессы обновления национального самосознания в период деколонизации, выступая значимым культурно-познавательным феноменом. Через подобные образы раскрываются изменения представлений о художественной реальности, новый характер взаимоотношений между автором и персонажем, а также усиление интертекстуальных связей в художественном тексте. Симулякр интерпретируется не как трансформированное продолжение традиционной героической модели, а как художественное выражение переосмысления ценностных ориентиров, изменений личностной идентичности и духовных ориентиров современного общества. Присущие персонажам-симулякрам нестабильность, многозначность и размытость границ между реальностью и воображением рассматриваются как важные признаки эстетических поисков современной казахской прозы.

По результатам исследования делается вывод, что персонажи-симулякры оказывают существенное влияние на художественно-идейное развитие современной казахской литературы и усиливают её связь с мировым литературным процессом.

Ключевые слова: художественное произведение, симулякр-персонажи, образ персонажа, магический реализм, мифологический образ, техногенный персонаж, литературный анализ.

S. Aituganova, S. Sarsembayeva*

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Features of representation of simulacrum characters in literary works

Abstract. The article examines character transformation and the artistic nature of simulacrum-characters in contemporary Kazakh prose. The study analyzes the transition from the traditional realist model of character to postmodern complex and fragmented images, identifying the historical and cultural factors behind this process. The theoretical foundations of the simulacrum-character concept are explored through structuralist, poststructuralist, and postmodern approaches. Based on the works of Kazakh writers A. Altai, A. Kemelbayeva, and D. Zhylykybay, the article focuses on the artistic features and semantic functions of magical realist, mythological, and technogenic characters, including Qonyrqaq, Besarys (Centaur), and Abyl Robot.

The study demonstrates that simulacrum-characters reflect the spiritual condition of Kazakh society, as well as the crisis and renewal of national identity during the decolonization period. Through such images, changes in the concept of literary reality, new forms of interaction between author and character, and stronger intertextual connections become evident. Simulacrum-characters are interpreted as artistic representations of shifting values and changing identity in contemporary society. Their instability, ambiguity, and blurred boundaries between reality and imagination reveal key aesthetic tendencies in modern Kazakh prose. The article concludes that simulacrum-characters contribute to the artistic development of contemporary Kazakh literature and strengthen its connection with global literary processes.

Keywords: literary work, simulacrum characters, character image, magical realism, mythological image, technogenic character, literary analysis.

References

Abdullina, A. B., Doskeeva, Sh. A., & Tulebayeva, K. T. (2023). Mifologiyadagy kustyn ornitomorfty arkhетipi (A. Kemelbayevanyn «Konyrkaz» ангimesi negizinde) [The ornithomorphic archetype of the bird in mythology (Based on A. Kemelbayeva's story "Konyrkaz")]. *Keruen*, 2(79), 177–185.

-
- Altai, A. (2024). Kentavr [Centaur]. Retrieved October 10, 2024, from <https://bilim-all.kz/article>
- Aristotle. (1927). Poetika [Poetics] (Trans. from Ancient Greek). Leningrad.
- Belinsky, V. G. (1953). Polnoe sobranie sochinenii [Complete works] (Vol. 2). Moscow.
- Gorky, M. (1984). O literature: Vospominaniya, stat'i [On literature: Memoirs and articles]. Almaty.
- Deleuze, G., & Guattari, F. (2007). Anti-Edip: Kapitalizm i shizofreniya [Anti-Oedipus: Capitalism and schizophrenia] (Trans. from French). Yekaterinburg.
- Deleuze, G., & Guattari, F. (2015). Kafka: Za maluyu literaturu [Kafka: Toward a minor literature] (Trans. from French). Moscow.
- Derrida, J. (2000). O grammatologii [Of grammatology] (Trans. from French). Moscow.
- Akhmetov, Z., & Shanbayev, T. (Comp.). (1996). Adebiettanu terminderinin sozdigi [Dictionary of literary studies terms]. Almaty.
- Zhylykbaibai, D. (2024). Tus kore alatyn robot [The robot that can dream]. Retrieved October 10, 2024, from <https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34380>
- Kemelbayeva, A. (2024). Konyrkaz [Konyrkaz]. Retrieved October 10, 2024, from <https://surli.cc/gqxwjd>
- Kabdolov, Z. (2002). Soz oneri [The art of words]. Almaty: Sanat.
- Tasmagambetov, I. N. (Ed.). (2010). Kazak adebiyeti: Entsiklopediyalyk anyktamalyk [Kazakh literature: Encyclopedic handbook]. Almaty.
- Kaskabasov, S. (2009). Oioris [Intellectual horizon]. Almaty.
- Lotman, Yu. M. (1970). Struktura khudozhestvennogo teksta [The structure of the artistic text]. Moscow: Iskusstvo.
- Sarsembayeva, S. (2025). Kazirgi kazak prozasyndagy simulyakr keipkerler (A. Altaidyn «Kentavr» angimesi, T. Asemkulovtyn «Bektorinin kazynasy» khikayaty, A. Kemelbayevanyn «Konyrkaz» angimeleri negizinde) [Simulacrum characters in contemporary Kazakh prose]. In Professor Arap Espenbetov: Literary local history and scientific school (pp. 51–54). Semey: Shakarim University.
- Safronova, L. V. (2007). Avtor i geroi v postmodernistskoi proze [Author and hero in postmodernist prose] (Doctoral dissertation abstract). Almaty.
- Skoropanova, I. S. (2002). Russkaya postmodernistskaya literatura [Russian postmodernist literature]. Moscow: Flinta.
- Turysbek, R. S., & Baitanasova, K. (2014). Kazirgi kezen adebiyeti [Contemporary literature]. Astana.
- Wellek, R., & Warren, A. (1978). Teoriya literatury [Theory of literature] (Trans. from English). Moscow: Progress.
- Barthes, R. (1967). The death of the author. Aspen, 5–6, 1–6.
- Forster, E. M. (1927). Aspects of the novel. London.
- Greimas, A. J. (1987). Actants, actors, and figures. In On Meaning: Selected Writings in Semiotic Theory (pp. 106–120). Minneapolis.
- Miller, J. H. (1980). Wuthering Heights and the ellipses of interpretation. Notre Dame English Journal, 12(2), 85–100.
- Sarsembayeva, S., Aituganova, S., Amangazykyzy, M., Sekey, Z., & Sabyrbayeva, R. (2025). The functional purpose of the simulacrum in postmodern literature. Critical Survey, 37(4), 17–36. <https://doi.org/10.3167/cs.2025.370402>
- Weinsheimer, J. (1979). Theory of character: Emma. Poetics Today, 1(1–2), 185–211.

Авторлар туралы мәлімет:

Айтуганова Саулеш Шамшаевна – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: s-atuganova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7619-4310>

Сарсембаева Сымбат Армановна – хат-хабар үшін автор, PhD, постдокторант. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: ssarsembayeva.kz@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1659-5446>

Aituganova Saulesh Shamshayevna – Candidate of Philology, Professor. L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: s-atuganova@mail.ru , ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7619-4310>

Sarsembayeva Symbat Armanovna – corresponding author, PhD, postdoc. L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: ssarsembayeva.kz@gmail.com , ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1659-5446>

Айтүганова Саулеш Шамшаевна – кандидат филологических наук, профессор. Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: s-atuganova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7619-4310>

Сарсембаева Сымбат Армановна – автор для корреспонденции, PhD, постдокторант Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: ssarsembayeva.kz@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1659-5446>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).